

## Аса ауылдық округінің Аса ауылындағы көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Жамбыл ауданы Аса ауылдық округі әкімдігінің 2015 жылғы 12 ақпандағы № 17 шешімі. Жамбыл облысының Әділет Департаментінде 2015 жылғы 11 наурызда № 2559 болып тіркелді

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аса ауылдық округінің Аса ауылындағы Бәйтерек-3 көшесі Төрткүл болып өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Аса ауылдық округі әкімінің орынбасары Е.Бозымбековке жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Аса ауылдық округінің әкімі</i>	<i>Б. Қалшымбетов</i>
------------------------------------	-----------------------